

**БД010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің**

### **ШҚІРІ**

Қазіргі әлем адамның өмірі жағдайына маңызды әсер ететін әлеуметтік-саяси, технологиялық және мәдени құбылыстардың динамикалық дамуын сипаттайды. Осы өзгерістермен байланысты үрдіс тұлғаның қажеттілігі мен сұраныстарын толық қанағаттандыру мүмкіндігі зор.

Мемлекеттің әлеуметтік-мәдени өмірінің түбегейлі өзгерістері жағдайында қоғамның әлеуметтік-экономикалық табыстылығын анықтайтын білім беру жүйесін дамыту деңгейі ерекше басымдылыққа ие болуда. Сондықтан отандық білім беру модернизациясының бағыты «қазіргі заманғы білімнің табыстылығы» ұғымының мазмұнына негізделеді.

Республикамыздағы әлеуметтік табыстылыққа бағытталған жастардың әлеуметтік-мәдени даму үрдісі мынадай мазмұнды сипаттарды қамтиды: студенттердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарды меңгеру арқылы ұжымда өзара әрекеттесуі, тұлғаның әлеуметтік-маңызды мәртебені иеленуге бейімделуі, жастардың әлеуметтік жетістігінің дамуын қамтамасыз ететін танымдық және шығармашылық қажеттіліктерді дамыту, студент жастардың тұлғалық және әлеуметтік қасиеттерін дамытумен байланысты оларды әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастар жүйесіне тарту.

Бүгінгі таңда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесінің өзектілігі: болашақ мамандарды біріншіден, әлеуметтік өмірдің жаңа талаптарына (әлеуметтік және кәсіби мобилділік, азаматтық сәйкестік, жалпымәдени және арнайы құзыреттілік, тұлғалық белсенділік және әлеуметтік табыстылық) бағыттауға, екіншіден, білім беру стратегиясының дербес табысты іс-әрекетке, кәсіби мансапты құруға бағдарлануына, үшіншіден, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда білім беру мекемелерінің тәрбиелік жұмыстарын жетілдіруге, болашақ маман ретінде студентті әлеуметтік-мәдени іс-шараларға тартуына байланысты айқындала түседі.

Осыған байланысты білім саласында қазіргі жасалып жатқан реформалар білімді де білгір, іскер, әлеуметтік маңызды мәртебе жетістігінің белгілі деңгейін меңгерген, өз өмірінің әлеуметтік-құнды стратегиясын моделдей алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті азаматтық белсенділігі мен шығармашылығы қалыптасқан, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, өз алдына мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын болашақ мамандардың тәрбиеленуін алдыңғы қатарға шығарады және осы міндеттер студенттердің табысқа жетуіне ықпал ететін, педагог мәртебесінің өсуіне септігін тигізе отырып, нәтижелі өзгеріс енгізе алатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту болып саналады.

Жоғарыда айтылғандар докторант Усенова Аккенже Мукановнаның зерттеу мәселесінің өзектілігінің жарқын айғағы. Диссертант зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізген:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтады;
- «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығы» ұғымының мәнін нақтылады;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық нобайын жасады;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесін даярлап, оның тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізді.

Докторанттың жасаған «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курс бағдарламасы мен оқу құралы, «Сенің табыстылығың-сенің қолыңда» үйірмесінің ережесі; «Табыстылар» тренинг – сабақтар жүйесі, «Табыстылыққа жол» педагогикалық идеялар фестивалінің бағдарламасы зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Аккенже Усенова диссертацияның құрылымына да аса мән беріп, оның мазмұнын бір-бірімен тығыз логикалық байланыстағы екі бөлімге, оның әрқайсысын төрт параграфтарға бөліп, бір стильді сақтайды. Бұлардың барлығы да зерттеу проблемасына байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады және диссертацияның құрылымдық, мазмұндық біртұтастығын көрсетеді.

Диссертация мазмұны бойынша талапқа сай жалпы саны -13 ғылыми мақалалар жарияланған.

Сонымен, Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек деп танып, диссертациялық жұмысты «6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**



Растаймын:	Абай атындағы Қаз.ҰПУ Кадр бөлімінің бастығы
Заверяю:	<b>С.Ж.Пірәлиев</b> Ішкі істерде кадр
Қолы	
Подпись	